

«Астана қаласының Балалар хирургтары қоғамы»

қоғамдық бірлестігінің

ЖАРҒЫСЫ

«Астана қаласының Балалар хирургтары қоғамы»

**қоғамдық бірлестігінің ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНДАҒЫ
ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛДІ**

Астана қ.
2025 жыл.

I. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы (бұдан әрі – Жарғы) Қоғамдық бірлестіктің, бұдан әрі мәтінде «Қоғам» деп аталатын, ұйымдастырушылық- құқықтық формасында құрылған коммерциялық емес ұйымның қызметін реттейді.

2. «Астана қаласының Балалар хирургтары қоғамы» қоғамдық бірлестігі – Қазақстан Республикасының азаматтары – балалар хирургтары, балалар хирургиялық мамандықтары бойынша дәрігерлер (балалар травматолог-ортопедтері, балалар уролог- андрологтары), сондай-ақ осы Жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыру үшін ортақ мүдделер негізінде біріктірілген басқа да мамандардың бастамасымен құрылған ерікті, өзін-өзі басқаратын, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

3. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңға, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңға, басқа да нормативтік құқықтық актілерге және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғамды құру туралы шешім Қоғамның 2025 жылғы «17» маусымындағы Қоғамдық бірлестігінің құрылтай жиналысында қабылданды.

5. Қоғам мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

6. Қоғам Астана қаласының аумағында қызмет етеді.

7. Мемлекеттік тілдегі толық атауы: **«Астана қаласының балалар хирургтері қоғамы» қоғамдық бірлестігі.**

8. Қоғамның қазақ тілдегі қысқартылған атауы: **«Астана қ. БХҚ» қоғамдық бірлестігі.**

9. Орыс тіліндегі толық атауы: **Общественное объединение «Общество детских хирургов города Астана».**

10. Қоғамның орыс тілдегі қысқартылған атауы: **Общественное объединение «ОДХ» г. Астана».**

11. Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғ, 32, 23- кабинет.

II. Қоғамның мақсаттары мен міндеттері

1. Қоғамның негізгі мақсаттары:

- балалар хирургтарының кәсіби өсуіне қолдау көрсету;
- балалар хирургиясын дамыту және насихаттау;
- өз мүшелерінің кәсіби, құқықтық, әлеуметтік мүдделерін қорғау;
- балалар хирургиясы саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыруға қатысу болып табылады.

2. **Қоғамның қызметінің бағыттары:**

- Балалар хирургиясы саласындағы мамандарды тәжірибе алмасу үшін біріктіру;
- конференциялар, симпозиумдар, мастер- кластар ұйымдастыру;
- мамандарды даярлау және біліктілігін арттыруға қатысу;
- халықаралық кәсіби ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

- ғылыми-зерттеу және білім беру қызметі.

III. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

Қоғамның:

1. Өз мүшелерінің мүдделерін білдіру және қорғау;
2. Іс-шаралар (конференциялар, мастер- кластар және т.б.) ұйымдастыру;
3. БАҚ және интернет-ресурстар құру;
4. Қайырымдылық көмек және гранттар алу;
5. Мемлекеттік органдармен, қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
6. Белгіленген заңнамалық тәртіп бойынша банктерде есепшоттар ашу;
7. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзінің атауы бар мөрине, мөртаңбасына және бланкілеріне, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблема мен басқа да нышанға ие болу **құқықтары бар**;
8. Қоғам өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады, міндеттемелерді орындай алады.

Қоғам:

1. ҚР Заңнамасын және Жарғыны ұстануға;
2. Уәкілетті органдарға есеп беруге;
3. Мүлікті мақсатты түрде пайдалануға;
4. Өз қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге **міндетті**.

IV. Қоғамда мүше болу

1. Қоғамның мүшелері балалар хирургиясы мен басқа да балалар хирургиялық мамандықтарымен айналысатын, Қазақстан Республикасының азаматтары және осы Жарғыны мойындайтын тұлғалар бола алады.
2. Мүшелікке қабылдау жазбаша өтініш негізінде Басқарманың шешімімен жүзеге асырылады.
3. Қоғамның мүшелерінің:
 - Қоғамның іс-шараларына қатысу және басқаруға қатысу;
 - Басқарушы органдарын сайлау және оған сайлану;
 - Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу құқықтары бар.
4. Мүшелер:
 - Жарғыны ұстануға;
 - Қоғамның қызметіне қатысуға;
 - Уақытында мүше жарналарын төлеуге **міндетті**.
5. Мүшелікті тоқтату өтініш, Басқарманың шешімі бойынша немесе шығарылған жағдайда жүзеге асырылады.

V. Қоғамынды басқару органдары

Қоғамның ең жоғары органы, екі жылда кемінде бір рет өткізілетін **Мүшелердің Жалпы жиналыс** болып саналады.

Жалпы жиналыс өкілеттіктері:

- Қызметтің басым бағыттарын анықтау;
- Жарғыны бекіту және өзгерістер енгізу;
- Төрағаны және Ревизиялық комиссияны сайлау;
- Жарғыны қабылдау, Жарғыға және Қоғамның бағдарламалық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- Қайта ұйымдастыру және тарату мәселелерін шешу.

Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңесті қоспағанда, коммерциялық емес ұйымның жоғары басқару органының айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

- коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар қабылдау, енгізу;

- коммерциялық емес ұйымды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

- коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, өкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін айқындау;

- атқарушы органдардың қаржылық есептілігін ұсыну тәртібі мен кезеңділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу және олардың нәтижелерін бекіту тәртібін айқындау;

- заң актілерінде белгіленген шектерде коммерциялық емес ұйымның басқа заңды тұлғаларды, өз филиалдары мен өкілдіктерін құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешімдер қабылдау.

- коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарын басқарудың жоғары органының айрықша құзыретіне заңнамалық актілерге сәйкес осы ұйым қызметінің басқа да мәселелері жатқызылуы мүмкін.

Қоғамның Жоғарғы органы шешімді тек Жоғарғы органның толық құрамымен ғана қабылдайды.

Тұрақты жұмыс істейтін орган – Президиум, жалпы жиналыс арқылы 2 жылдық мерзімге сайланады, Президиумның отырыстары кез келген мүшенің бастамасы бойынша шақырылады. Шешім оның құрамының кемінде 2/3 дауысымен қабылданған жағдайда ғана күшіне енеді.

Президиум:

- қызметті басқаруды жүзеге асырады;
- Жалпы жиналыс шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- ішкі ережелерді бекітеді;
- мүшелерді қабылдау және шығару мәселелерін шешеді;
- жұмыс және сараптамалық топтарды жасақтайды.

Өз кезегінде атқарушы органның рөлін атқарып, қоғамның атынан өкілдік етуге құқылы **Төраға:**

- Жалпы жиналыс 2 жыл мерзіммен сайланады;
- қоғамға сенімхатсыз өкілдік етеді;
- құжаттар мен бұйрықтарға қол қояды;
- Жарғымен белгіленген шектерде әрекет етеді;
- Қоғамның лауазымды тұлғалары арасында міндеттерді бөледі;
- Қоғамның лауазымды тұлғаларымен еңбек шарттарын жасасады, жалдамалы қызметкерлердің жалақылары мөлшерін белгілейді;

Қоғамның атынан Төрағаның сөйлеу тәртібі:

- Қоғамның Жоғарғы органымен қажетті іс-әрекеттерді келісу;
- Қоғамның Жоғарғы органымен қажетті құжаттарды келісу арқылы Қоғамның атынан сөйлеу.

Ревизиялық комиссия:

- қаржылық-шаруашылық қызметке бақылауды жүзеге асырады;
- Жалпы жиналыста 2 жыл мерзіммен сайланады;
- Жалпы жиналысқа есеп береді.

Ревизиялық комиссия Жалпы жиналыс арқылы 2 жыл мерзіммен сайланады, ал Президиумның отырыстары оның кез келген мүшесінің бастамасымен шақырылады. **Ревизиялық комиссияның** шешімі оның құрамының кемінде 2/3 дауысымен қабылданған жағдайда ғана заңды күшке ие болады.

VI. Қоғамның мүлкі және қаражаты

1. Мүлікті жасақтау көздері:

1) Құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түсімдер;

2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырымдылықтар

2-1) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларда міндетті мүліктік жарналар;

3) Заңмен белгіленген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсімдер (кіріс);

4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынатын дивидендтер (кірістер, сыйақы (пайда));

5) Заңмен тыйым салынбаған басқа да қаражаттар **болып табылады.**

2. Қоғам өз мүшелерін қаражаттар мен басқа да құралдардың түсуі мен жұмсалуды туралы мерзімді түрде хабардар етіп отырады.

3. Қоғамның меншігінде орынжайлар, жабдықтар және өзге де мүлік болуына құқылы.

4. Мүлік тек Жарғыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін пайдаланылады.

VII. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

1. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар **Жалпы жиналыс** шешімімен, қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен енгізіледі.
2. Өзгерістер мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс.

VIII. Филиалдар мен өкілдіктер

Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Қажет болған жағдайда Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

Филиалдар мен өкілдіктерді құру туралы шешім Қоғам мүшелерінің Жалпы жиналысында қабылданады.

IX. Қайта ұйымдастыру және тарату

1. Қоғам Жалпы жиналыстың немесе соттың шешімімен қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

2. Кредиторлардың талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік Қоғамның мақсаттарына сәйкес немесе қайырымдылық мақсаттарға жұмсалады.

X. Қорытынды ережелер

1. Осы Жарғыда реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

2. Осы Жарғы Қоғамның мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап күшіне енеді.

Қоғам төрағасы:

Д.З. Рүстемов